




**Қазақстан Республикасы
экология және табиғи
ресурстар министрлігі
«Қазгидромет» РМҚ**

2025 жылғы қыркүйек айына АУА РАЙЫН БОЛЖАУ БЮЛЛЕТЕНІ



АСТАНА 2025

Мазмұны

Алғы сөз.....	4
Қазақстан аймақтары бойынша көпжылдық мәліметтерге сәйкес қыркүйек айының қысқаша климаттық сипаттамасы	5
Қыркүйек айында Қазақстан аумағы бойынша орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәні (кесте).....	6
2025 жылдың қыркүйек айында күтілетін орташа айлық температурасының нормадан ауытқуы.....	7
Қыркүйек айындағы көпжылдық орташа айлық ауа температурасы (норма)	7
2025 жылдың қыркүйек айында күтілетін жауын-шашынның мөлшерінің нормадан ауытқуы	8
Қыркүйек айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (норма)	8
2025 жылы Қазақстан аймақтары бойынша қыркүйек айында күтілетін орташа ауа температурасы	9
Ауа райының облыстар бойынша графигі	10
2025 жылдың қыркүйек айына облыстар бойынша консультативтік ауа райы болжамы	11
Батыс Қазақстан облысы	12
Атырау облысы	13
Маңғыстау облысы	14
Ақтөбе облысы	15
Қостанай облысы	16
Солтүстік Қазақстан облысы.....	17
Ақмола облысы	18
Павлодар облысы	19
Ұлытау облысы	20
Қарағанды облысы	21
Абай облысы	22
Шығыс Қазақстан облысы	23
Қызылорда облысы	24
Түркістан облысы	25
Жамбыл облысы	26
Алматы облысы	27
Жетісу облысы	28

Алғы сөз

Жарияланып отырған айлық ауа райы болжамы мыналарды қамтиды:

- ✓ болжамды айдың қысқаша климаттық сипаттамасы (барлық бақылау кезеңінде)
- ✓ республиканың облыстары бойынша ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің орташа көпжылдық мәндерден ауытқуының қысқаша сипаттамасы;
- ✓ суықтың (жылудың) ең маңызды толқындары, жауын-шашынды мерзімдер және ауа райының атмосфералық құбылыстары көрсетілген ауа райының өзгеру графиктері;
- ✓ республиканың әр облыстары бойынша ауа райы болжамының мәтіні;
- ✓ орташа айлық ауа температурасының орташа көпжылдық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ ауаның көпжылдық орташа айлық температурасының кеңістіктік таралуының картасы (30 жылдық норма);
- ✓ айлық жауын-шашынның мөлшері орташа көпжылдық айлық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ жауын-шашынның айлық мөлшерінің көпжылдық мәндерінің картасы (30 жылдық норма).

Болжам мәтінінде облыстар аумағындағы орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің шеткі мәндері келтірілген.

Бір айға арналған ауа райы болжамы консультативтік сипатқа ие. Ауа райының күнделікті өзгеру бағытында 3-тен 5 тәулікке дейін жылжуы, сондай-ақ күнделікті ауа температурасының ($\pm 5^{\circ}\text{C}$) мәндерінің де, ауа райының атмосфералық құбылыстарының да ауытқуы мүмкін екенін ескеру қажет. Бір айға арналған ауа райы болжамы айдың 30-31, 10, 20 күндерінде онкүндікке арналған болжамдармен нақтыланады.

Бір айға арналған ауа райы болжамының шығуымен және оларды нақтылаумен байланысты барлық мәселелер жөнінде мына мекенжай бойынша Гидрометорталыққа хабарласуға болады:

Астана қ., Мәңгілік Ел көшесі 11/1.

АРҰМББ жетекші инженері: А. Тохтарова, тел.: (7172) 79-83-95.

Гидрометорталық директорының м.а



Ж. Исабекова

Қазақстан аймақтары бойынша көпжылдық мәліметтерге сәйкес маусым айының қысқаша климаттық сипаттамасы

Қыркүйек - күздің бірінші айы. Қазақстанның бүкіл аумағында тамызбен салыстырғанда ауа температурасы +5+7 с-қа төмендейді, аумақтың басым бөлігінде ол +10+15 с-қа, батыста және оңтүстікте +16+21 С-қа, Іле Алатауы тауларында +3+8 С-қа өзгереді.

Ауаның орташа тәуліктік температурасы әр тәулік үшін орта есеппен 0,2-0,3 с-қа төмендейді. Оңтүстік облыстарда орташа тәуліктік температурасы +20°C және одан жоғары тәуліктер саны орта есеппен 10-15 тәулікті, солтүстікте 1-2 тәулікті құрайды. Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарында орташа тәуліктік ауа температурасының 10°C ағыны арқылы ауысуы қыркүйектің екінші онкүндігінің соңында, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар және Қарағанды облыстарында - үшінші онкүндікте, Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарында - айдың соңында жүзеге асырылады, оңтүстік өңірлерде бұл кезең қазан айына ауысады.

Ауа температурасының төмендеуіне қарамастан, елдің басым бөлігінде абсолютті максимум жекелеген күндері +32+38°C-қа, оңтүстік облыстарда +40+43°C-қа және Іле Алатауы тауларында +19+25°C-қа жетуі мүмкін.

Аумақтың басым бөлігінде үсікті айдың бірінші жартысында, оңтүстік аймақтарда - айдың соңында байқауға болады. Топырақ бетінде олар қарқынды және жиі кездеседі. Абсолютті минимум көптеген облыстарда -10-14°C, ал республиканың оңтүстігінде -6-10°C-қа жетуі мүмкін.

Қыркүйектегі жауын-шашын тамызбен салыстырғанда температураның жалпы төмендеуімен ауа ылғалдылығының төмендеуіне байланысты азаяды. Жауын-шашын аз қарқынды, бірақ ұзаққа созылады. Олардың нормасы батыс, солтүстік, шығыс облыстарда және оңтүстік-шығыстың тау бөктерінде 20 - дан 37 мм-ге дейін өзгереді, ал орталық және оңтүстік облыстарда ол 10 мм-ден аз. Ең ылғалды аудандар - оңтүстік-шығыс (норма: 36-52 мм) және шығыс (норма: 72-127 мм) тауларында жаууы мүмкін.

Жауын-шашын негізінен жаңбыр түрінде түседі. Бірақ солтүстік облыстарда қардың ерте түсуі бірінші онкүндіктің соңында байқалуы мүмкін, екінші және үшінші онкүндіктерде кейбір жылдары қар жамылғысының қысқа мерзімді қалыптасуы мүмкін (1 - 2 күн).

Қыркүйек айында найзағай белсенділігі әлсірейді. Найзағай тамызға қарағанда 1-2 есе аз, тау бөктері мен таулы аймақтарда айына 3-4 рет байқалады. Тұман сирек байқалады - республиканың солтүстігінде айына орта есеппен 1-2 рет байқалуы мүмкін.


Қыркүйек айында ҚР бойынша ауаның орташа айлық температурасының және жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәндері (норма 1991-2020 жж.)

Облыс	Ауа температурасы, °C	Жауын-шашын мөлшері, мм
Батыс Қазақстан	+14,0...+17,1	14...27
Атырау	+16,5...+18,6	7...16
Маңғыстау	+18,6...+20,8	5...11
Ақтөбе	+12,0...+17,0	5...23
Қостанай	+11,3...+15,9	7...31
Солтүстік Қазақстан	+10,7...+11,6	22...34
Ақмола	+10,2...+13,0	16...30
Астана қаласы	+12,6	21
Павлодар	+11,3...+12,9	18...26
Ұлытау	+12,9...+16,7	2...14
Қарағанды	+10,7...+16,7	4...22
Абай	+10,7...+16,0	9...22
Шығыс Қазақстан	+7,8...+15,6	14...56
Қызылорда	+17,5...+19,9	2...4
Түркістан	+12,5...+21,4	1...19
Шымкент қаласы	+20,2	9
Жамбыл	+10,7...+18,5	2...20
Алматы	+4,5...+19,6	5...50
Алматы қаласы	+18,0	28
Жетісу	+11,0...+19,6	7...36


2025 жылғы қыркүйек айында күтілетін ауа температурасының орташа айлық мөлшерден ауытқуы

Қыркүйек айында ауаның орташа айлық температурасы республиканың басым бөлігінде *норма шамасында*, Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау облыстарында, Ақтөбе облысының солтүстік - батыс жартысында, Қостанай облысының қиыр батысында - *нормадан 1° жоғары*, Абай облысында, Шығыс Қазақстан, Алматы және Жетісу облыстарында, Павлодар облысының оңтүстік-шығыс жартысында, Қарағанды облысының шығыс жартысында, Жамбыл облысының шығысында - *нормадан 1° төмен* болады деп күтілуде.

2025 жылдың қыркүйек айында күтілетін орташа ауа температурасының нормадан ауытқуы




Қыркүйек айындағы көпжылдық орташа айлық ауа температурасы (норма: 1991-2020 жж.)




2025 жылдың қыркүйек айындағы күтілетін жауын-шашын мөлшерінің ауытқуы

Қыркүйек айында жауын-шашын мөлшері республиканың басым бөлігінде *нормадан аз*, Павлодар, Абай, Шығыс Қазақстан, Алматы, Жетісу облыстарында, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қарағанды, Жамбыл облыстарының басым бөлігінде, Түркістан облысының қиыр оңтүстік-шығысында *норма шамасында* болады деп болжануда.

2025 жылдың маусым айында күтілетін жауын-шашын мөлшерінің нормадан ауытқуы




Қыркүйек айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (норма: 1991-2020 жж.)



2025 жылғы қыркүйек айында күтілетін орташа айлық ауа температурасы










Ауаның орташа айлық температурасы Қазақстанның басым бөлігінде +10+17°C, Атырау, Маңғыстау, Қызылорда, Түркістан облыстарында +18+22°C, Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарының таулы және тау бөктерлі аудандарында +6+9°C болады деп күтіледі.








2025 жылдың маусым айында күтілетін
орташа айлық ауа температурасы




Жыл-аналогы 2024 жыл

Облыстар бойынша қыркүйек айына ауа райы кестесі





Шартты белгілер:



Қазақстан облыстары бойынша 2025 жылғы қыркүйек айына консультативтік ауа райы болжамы

Батыс Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+15,4+18,2^{\circ}\text{C}$, бұл *нормадан* 1° жоғары болады деп күтілуде (норма: $+14,0+17,1^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* $+9+14^{\circ}\text{C}$ -тан $+4+9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+25+30^{\circ}\text{C}$ -тан $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасы *түнде* $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+27+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* $+13+18^{\circ}\text{C}$ -тан $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, топырақ бетінде 3° үсікке дейін, *күндіз* $+27+32^{\circ}\text{C}$ -тан $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасы жоғарылайды деп болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+7+12^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+25+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасы *түнде* $+1+6^{\circ}\text{C}$, топырақ бетінде 3° үсікке дейін, *күндіз* $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде* $+6+11^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *нормадан аз* болады деп күтіледі (норма: 14-24 мм).

Өткінші жаңбыр бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Тұман үшінші онкүндіктің басында болуы ықтимал. 15-20 м/с жел, шаңды дауыл бір ай бойы жиі күтіледі.



Атырау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+18,3+19,7^{\circ}\text{C}$ күтілуде, бұл нормадан 1° жоғары болады деп болжанады (норма: $+16,56+18,6^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+14+19^{\circ}\text{C}$ -тан, облысының шығысында $+12^{\circ}\text{C}$ -тан $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+28+33^{\circ}\text{C}$ -тан $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін, ауа температурасы түнде $+12+17^{\circ}\text{C}$, күндіз $+24+29^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+13+18^{\circ}\text{C}$ -тан, $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+25+30^{\circ}\text{C}$ -тан $+19+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+12+17^{\circ}\text{C}$, күндіз $+24+29^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Содан кейін, ауа температурасы түнде $+4+9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді. Онкүндіктің соңында ауа температурасы түнде $+9+14^{\circ}\text{C}$, күндіз $+23+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облысының басым бөлігінде нормадан аз күтіледі (норма: 7-16 мм).

Өткінші жаңбыр бірінші, екінші, үшінші онкүндіктің басында күтіледі. Найзағай айдың ортасында болжанады. Тұман бірінші онкүндіктің ортасында болуы ықтимал. 15-20 м/с жел, шаңды дауыл бір ай бойы жиі күтіледі.



Маңғыстау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+19,6+21,9^{\circ}\text{C}$ күтілуде, бұл нормадан 1° жоғары күтіледі (норма: $+18,6+20,8^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+17+22^{\circ}\text{C}$ -тан $+11+16^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+19^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз $+31+36^{\circ}\text{C}$ -тан $+21+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін, ауа температурасының түнде $+16+21^{\circ}\text{C}$, күндіз $+30+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+17+22^{\circ}\text{C}$ -тан, $+9+14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+31+36^{\circ}\text{C}$ -тан, $+21+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасы жоғарылайды деп болжанады.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $+14+19^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+23^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз $+28+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі жоғарылауы күтіледі. Содан кейін, ауа температурасы түнде $+6+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $+11+16^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз $+23+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан аз күтіледі (норма: 5-11 мм).

Жаңбыр бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің бірінші жартысында күтіледі. Найзағай үшінші онкүндіктің басында болжанады. 15-20 м/с жел бір ай бойы жиі күтіледі. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің ортасында және соңында болжанады.



Ақтөбе облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+13,1+17,5^{\circ}\text{C}$ күтілуде, бұл облыстың оңтүстік-шығысында *норма шамасында*, ал облыстың солтүстік батысында *нормадан 1°C жоғары* болады деп болжанады (норма: $+12,0+17,0^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа, топырақ бетінде 2° үсікке дейін, облыстың оңтүстігінде $+16^{\circ}\text{C}$ -тан $+13^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз $+22+27^{\circ}\text{C}$ -тан $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде $+14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, топырақ бетінде 2° үсікке дейін, облыстың оңтүстігінде $+16^{\circ}\text{C}$ -тан $+13^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз $+22+27^{\circ}\text{C}$ -тан $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі жоғарылауы күтіледі. Содан соң, ауа температурасының *түнде* $+1+6^{\circ}\text{C}$, топырақ бетінде 3° үсікке дейін, күндіз $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* $+7+12^{\circ}\text{C}$, күндіз $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *нормадан аз* күтіледі (норма: 5-23 мм).

Жаңбыр бірінші онкүндіктің басында және соңында күтіледі. 15-20 м/с жел айдың бірінші жартысында және үшінші онкүндіктің басында жиі күтіледі. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндікте жиі, үшінші онкүндіктің соңында болуы ықтимал.



Қостанай облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+12,7+17,2^{\circ}\text{C}$ күтілуде, бұл облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, ал облыстың қиыр солтүстік-батысында *нормадан 1° жоғары күтіледі* (норма: $+11,3+15,9^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+3+8^{\circ}\text{C}$ -тан, топырақ бетінде 3° үсіктен $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+13+18^{\circ}\text{C}$ -тан $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа ауытқуы күтіледі. Содан соң, ауа температурасының *түнде* $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы төмендейді деп күтілуде.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $+3+8^{\circ}\text{C}$, топырақ бетінде 3° үсікке дейін, *күндіз* $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасы *түнде* $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* $+1+6^{\circ}\text{C}$, топырақ бетінде 3° үсікке дейін, *күндіз* $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы жоғарылайды деп күтіледі.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $+7+12^{\circ}\text{C}$ -тан $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, топырақ бетінде 3° үсікке дейін, *күндіз* $+21+26^{\circ}\text{C}$ -тан $+11+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Содан соң ауа температурасы *түнде* $+6+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *нормадан аз* күтіледі (норма: 7-31 мм).

Жаңбыр бірінші онкүндікте, екінші онкүндіктің ортасында және соңында, үшінші онкүндіктің басында жиі күтіледі. 15-20 м/с жел бір ай бойы жиі күтіледі. Тұман бірінші онкүндіктің соңында болуы ықтимал. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің соңында болжанады.



Солтүстік Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+10,0+12,1^{\circ}\text{C}$ күтілуде, бұл норма шамасында күтіледі (норма: $+10,7+11,6^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+1+6^{\circ}\text{C}$ -тан топырақ бетінде 3° үсіктен $+6+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+13+18^{\circ}\text{C}$ -тан $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі. Содан кейін, ауа температурасының түнде $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+19+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы төмендейді деп күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+2+7^{\circ}\text{C}$, топырақ бетінде 3° үсіктен $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+14+19^{\circ}\text{C}$ -тан $+19+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Содан соң, ауа температурасының түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде 3° үсікке дейін, күндіз $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді. Онкүндіктің соңында ауа температурасы жоғарылайды.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+3+8^{\circ}\text{C}$ -тан $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, топырақ бетінде 3° үсік, күндіз $+17+22^{\circ}\text{C}$ -тан $+9+14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін, ауа температурасының түнде $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде норма шамасында, ал облыстың батысында нормадан аз деп күтілуде. (норма: 22-34 мм).

Жаңбыр бірінші онкүндікте, екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің басында және соңында жиі күтіледі. Найзағай бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің ортасында болжанады. Тұман бірінші онкүндіктің басында және екінші онкүндіктің соңында болуы ықтимал. 15-20 м/с жел бір ай бойы жиі күтіледі.



Ақмола облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+10,1+12,3^{\circ}\text{C}$ деп күтілуде, бұл *норма шамасында* (норма: $+10,2+13,0^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+2+7^{\circ}\text{C}$ -тан, топырақ бетінде 3° үсіктен $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+12+17^{\circ}\text{C}$ -тан $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температураның *түнде* $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+19+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде* $+7+12^{\circ}\text{C}$ -тан $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа, топырақ бетінде 3° үсікке дейін, *күндіз* $+19+24^{\circ}\text{C}$ -тан $+14+19^{\circ}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасының *түнде* $0,+5^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде 3° үсікке дейін, *күндіз* $+10+15^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді деп болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* $+2+7^{\circ}\text{C}$, топырақ бетінде 1° үсікке дейін, *күндіз* $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+3+8^{\circ}\text{C}$ -тан $-1-6^{\circ}\text{C}$ үсік, облыстың оңтүстігінде $+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+17+22^{\circ}\text{C}$ -тан $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Айлық жауын-шашын мөлшері облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, ал облыстың батысында *нормадан аз* күтіледі (норма: 16-30 мм).

Жаңбыр бірінші онкүндікте жиі, екінші онкүндіктің ортасында және соңында, үшінші онкүндіктің басында және соңында күтіледі. 15-20 м/с жел бір ай ішінде жиі күтіледі. Тұман екінші онкүндіктің ортасында және соңында, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің басында және соңында болуы ықтимал.



Павлодар облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+10,8+13,6^{\circ}\text{C}$ деп күтілуде, бұл облыстың солтүстік-батыс жартысында *норма шамасында*, ал облыстың оңтүстік-шығыс жартысында *нормадан 1° төмен* (норма: $+11,3+12,9^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде $+2+7^{\circ}\text{C}$* , топырақ бетінде 3° үсік, облыстың оңтүстігінде $+10^{\circ}\text{C}$ -тан $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде $+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+12+17^{\circ}\text{C}$ -тан $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасының *түнде $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз $+19+24^{\circ}\text{C}$ -қа* дейін жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде $+7+12^{\circ}\text{C}$ -тан $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа*, топырақ бетінде 3° үсік, *күндіз $+19+24^{\circ}\text{C}$ -тан $+14+19^{\circ}\text{C}$ -қа* дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасының *түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$* , облыстың солтүстігінде 3° үсікке дейін, *күндіз $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа* дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз $+14+19^{\circ}\text{C}$ -қа* дейін жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы түнде $+6+11^{\circ}\text{C}$ -тан $-1-6^{\circ}\text{C}$ үсік, облыстың оңтүстігінде $+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+16+21^{\circ}\text{C}$ -тан $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Айлық жауын-шашын мөлшері *норма шамасында* болуы күтіледі (норма: 18-26 мм).

Жаңбыр айдың бірінші жартысында және үшінші онкүндіктің басында күтіледі. 15-20 м/с жел бірінші онкүндікте жиі, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің басында және ортасында болжанады. Тұман айдың басында болуы ықтимал.



Ұлытау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+12,3+15,9^{\circ}\text{C}$ деп күтілуде, бұл *норма шамасында* (норма: $+12,9+16,7^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+2+7^{\circ}\text{C}$, топырақ бетінде 3° үсіктен $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+16+21^{\circ}\text{C}$ -тан $+21+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Екінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде* $+7+12^{\circ}\text{C}$ -тан $+2+7^{\circ}\text{C}$, топырақ бетінде 3° үсікке дейін, *күндіз* $+23+28^{\circ}\text{C}$ -тан $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасының *түнде* $+7+12^{\circ}\text{C}$ -тан $+2+7^{\circ}\text{C}$, топырақ бетінде 3° үсікке дейін, *күндіз* $+21+26^{\circ}\text{C}$ -тан $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* $+7+12^{\circ}\text{C}$ -тан $+2+7^{\circ}\text{C}$, топырақ бетінде 3° үсікке дейін, *күндіз* $+23+28^{\circ}\text{C}$ -тан $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде* $+7+12^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+17+22^{\circ}\text{C}$ жоғарылайды деп күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *нормадан аз* болуы ықтимал. (норма: 4-22 мм)

Жаңбыр бірінші және екінші онкүндіктердің ортасында күтіледі. 15-20 м/с жел бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында және ортасында, үшінші онкүндіктің басында және соңында болжанады. Шаңды дауыл екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің басында болуы ықтимал.



Қарағанды облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+9,5+14,9^{\circ}\text{C}$ деп күтілуде, бұл облыстың батыс жартысында *норма шамасында*, ал облыстың шығыс жартысында *нормадан 1° төмен* болады деп болжанады (норма: $+10,7+16,7^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+1+6^{\circ}\text{C}$, топырақ бетінде 3° үсіктен $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+11+16^{\circ}\text{C}$, облыстың шығысында $+19^{\circ}\text{C}$ -тан $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқиды.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+7+12^{\circ}\text{C}$ -тан $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+17+22^{\circ}\text{C}$ -тан $+11+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $0,+5^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде 3° үсікке дейін, *күндіз* $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* $+6+11^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+7+12^{\circ}\text{C}$ -тан $-1-6^{\circ}\text{C}$ үсік, облыстың оңтүстігінде $+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+17+22^{\circ}\text{C}$ -тан, $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп болжануда.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, ал облыстың батысында *нормадан аз* болады деп күтіледі (норма: 2-14 мм).

Жаңбыр бірінші онкүндікте жиі күтіледі. Тұман бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің соңында болуы ықтимал. 15-20 м/с жел бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші онкүндіктің соңында күтіледі.



Абай облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+9,4+14,1^{\circ}\text{C}$ деп күтілуде, бұл норма 1° төмен (норма: $+10,7+16,0^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан $+3+8^{\circ}\text{C}$, топырақ бетінде 3° үсікке дейін, күндіз $+22+27^{\circ}\text{C}$, облыстың шығысында $+17^{\circ}\text{C}$ -тан $+15+20^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқиды.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасы түнде $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан $+1+6^{\circ}\text{C}$, топырақ бетінде 3° үсікке дейін, күндіз $+20+25^{\circ}\text{C}$ -тан $+11+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің екінші жартысында түнде $+1+6^{\circ}\text{C}$, топырақ бетінде 3° үсіктен $+6+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+11+16^{\circ}\text{C}$ -тан $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқиды.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы түнде $+7+12^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстігінде $+3^{\circ}\text{C}$ -тан $-1-6^{\circ}\text{C}$ үсік, облыстың оңтүстігінде $+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+19+24^{\circ}\text{C}$ -тан $+6+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $+2+7^{\circ}\text{C}$, топырақ бетінде 3° үсікке дейін, күндіз $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында күтіледі (норма: 9-22 мм).

Жаңбыр бірінші және екінші онкүндіктердің басында және ортасында күтіледі. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндікте жиі, екінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің ортасында болжанады. Шанды дауыл екінші онкүндіктің соңында және үшінші онкүндіктің басында болуы ықтимал. Найзағай бірінші, екінші, үшінші онкүндіктердің басында күтіледі. Тұман айдың ортасында болуы ықтимал.



Шығыс Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+6,8+13,9^{\circ}\text{C}$ деп күтілуде, бұл нормадан 1°C төмен (норма: $+7,8+15,6^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+7+12^{\circ}\text{C}$ -тан $+2+7^{\circ}\text{C}$, топырақ бетінде 3° үсікке дейін, облыстың оңтүстігінде $+17^{\circ}\text{C}$ -тан $+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+21+26^{\circ}\text{C}$ -тан $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың шығысында $+16^{\circ}\text{C}$ -тан $+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+7+12^{\circ}\text{C}$ -тан $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, топырақ бетінде 3° үсікке дейін, күндіз $+21+26^{\circ}\text{C}$, облыстың шығысында $+16^{\circ}\text{C}$ -тан $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының түнде $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+10+15^{\circ}\text{C}$, облыстың шығысында $+5^{\circ}\text{C}$ -тан $-1-6^{\circ}\text{C}$ үсік, облыстың оңтүстігінде $+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+18+23^{\circ}\text{C}$, оңтүстігінде $+26^{\circ}\text{C}$ -тан $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың шығысында және таулы аймақтарда $+13^{\circ}\text{C}$ -тан $+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$, топырақ бетінде 3° үсікке дейін, күндіз $+10+15^{\circ}\text{C}$, оңтүстігінде $+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында күтілуде. (норма: 14-56 мм).

Жаңбыр, 15-20 м/с жел ай бойы жиі күтіледі, үшінші онкүндіктің ортасында облыстың таулы аймақтарында жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) болады. Найзағай бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші және үшінші онкүндіктердің басында болуы ықтимал. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің соңында күтіледі. Тұман айдың ортасында болуы ықтимал.



Қызылорда облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+18,2+19,8^{\circ}\text{C}$ деп күтілуде, бұл норма шамасында (норма: $+17,5+19,9^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде топырақ бетінде 3° үсікке дейін, күндіз $+28+33^{\circ}\text{C}$ -тан, $+23+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасы түнде $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+28+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасы түнде $+12+17^{\circ}\text{C}$ -тан $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+28+33^{\circ}\text{C}$ -тан $+23+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылайды деп күтіледі.


Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасы түнде $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+28+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасының түнде $+4+9^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде топырақ бетінде 3° үсікке дейін, күндіз $+23+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан аз күтіледі (норма: 2-4 мм).

Өткінші жаңбыр үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Шаңды дауыл, 15-20 м/с жел ай бойы жиі болжанады.



Өткінші жаңбыр бірінші және екінші онкүндіктердің ортасында, үшінші онкүндіктің ортасында және соңында күтіледі. Найзағай үшінші онкүндіктің ортасында болады. 15-20 м/с жел бірінші және екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндікте жиі болжанады. Шанды дауыл бірінші және екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің басында және соңында болуы ықтимал.



Жамбыл облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+13,3+18,7^{\circ}\text{C}$ деп күтілуде, бұл облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, ал облыстың шығысында *нормадан 1° төмен* (норма: $+14,0+19,7^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде* $+13+18^{\circ}\text{C}$ -тан $+8+13^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде $+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+23+28^{\circ}\text{C}$ -тан $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады. Екінші жартысында *түнде* $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+15+20^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасы жоғарылайды деп болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+10+15^{\circ}\text{C}$ -тан $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+20+25^{\circ}\text{C}$ -тан $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+28^{\circ}\text{C}$ -тан $+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+13+18^{\circ}\text{C}$ -тан $+1+6^{\circ}\text{C}$, топырақ бетінде 3° үсікке дейін, *күндіз* $+23+28^{\circ}\text{C}$ -тан $+11+16^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $+6+11^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+16+21^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың солтүстік-батысында *нормадан аз* күтіледі. (норма: 2-12 мм, облыстың таулы аудандарында 13-20 мм).

Өткінші жаңбыр бірінші, үшінші онкүндіктердің екінші жартысында күтіледі. Найзағай екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің ортасында болады. Тұман бірінші, үшінші онкүндіктердің соңында болуы ықтимал. 15-20 м/с жел бір айда жиі болуы ықтимал.



Алматы облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+3,3+17,2^{\circ}\text{C}$ деп күтілуде, бұл нормадан 1° төмен (норма: $+4,5+19,6^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+13+18^{\circ}\text{C}$ -тан $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+23+28^{\circ}\text{C}$ -тан $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аймақтарында түнде $+8^{\circ}\text{C}$ -тан $+3^{\circ}\text{C}$, топырақ бетінде 3° үсікке дейін, күндіз $+13+18^{\circ}\text{C}$ -тан $+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы төмендейді деп болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+3+8^{\circ}\text{C}$, топырақ бетінде 3° үсікке дейін, күндіз $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының түнде $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз $+23+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $+14+19^{\circ}\text{C}$ -тан $+3+8^{\circ}\text{C}$, топырақ бетінде 3° үсікке дейін, күндіз $+24+29^{\circ}\text{C}$ -тан $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аймақтарында $+4+9^{\circ}\text{C}$ -тан 3° үсікке дейін, күндіз $+14+19^{\circ}\text{C}$ -тан $+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының түнде $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аймақтарында түнде $+3^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз $+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында күтіледі (норма: 5-15 мм, облыстың таулы аудандарында 19-50 мм).

Өткінші жаңбыр, 15-20 м/с жел бір ай ішінде жиі болжанады, облыстың таулы аймақтарында жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Шаңды дауыл үшінші онкүндіктің басында болуы ықтимал. Найзағай бірінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің басында болжанады. Тұман бірінші, үшінші онкүндіктердің соңында болуы ықтимал.





Қазақстан Республикасы
Астана қ-сы
Мәңгілік Ел к-сі 11/1
тел: 8(7172)79-83-95
E-mail:
Udpp@meteo.kz



Республика Казахстан
г.Астана
ул.Мәңгілік Ел 11/1
тел: 8(7172)79-83-95
E-mail:
Udpp@meteo.lz